

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Өзінің отбасы туралы әңгіме.

ЖАРИЯЛАНДЫ
13.01.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/66622/**Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы****«Теңге бөбекжай-бақша» тәрбиеші: Турлыбекова Асемай Байболатовна****Білім беру саласы: Коммуникация****Оқу қызметі: Сөйлеуді дамыту.****Тақырыбы:** Өзінің отбасы туралы әңгіме. .**Мақсаты:** Баларға отбасы жайлы толық түсінік беру. Отбасы мүшелерін атай білуге, көмектесуге, тату өмір сүруге дағдыландыру.**Білімділік:** Өткен оқу қызметін, жаңа оқу қызметін түсіндіру, алған білімдерін тиянақтау.**Тәрбиелік:** Отбасы мүшелерін жақсы көруге, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.**Дамытушылық:** Ой – өрісін, есте сақтау қабілетін дамыту.**Көрнекі құрал:** Отбасы сурттері.**Алдын ала жұмыс:** Балаларға тақпақтар жаттату.**Сөздік жұмыс:** Отбасы, тату, мейірімділік, көмектесу.**Билингвальды компонент :** ата – дедушка, әже – бабушка, әке – папа, ана – мама.Оқу қызметінің
кезеңдері

Тәрбиешінің іс - әрекеті

Балалардың іс - әрекеті

Мотивациялық қозғаушы	Шаттық шеңбер.... Бақшамызға барғанда Жолыққан бар жандарға Ертемен ақ пейілмен Қайырлы таң! деймін мен. Қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қыс мезгілінің ерекшеліктерін кім атап береді?	Шеңбер бойында тұрып балалар айтады. Қазір жылдың қыс мезгілі Қыс мезгілінде үш ай бар Күн суытады, қар жауады Адамдар жылы киінеді.
------------------------------	---	--

<p>Ұйымдастырушылық ізденістік</p> <p>Рефлексиялық — түзетушілік</p>	<p>Балалар біз өткен оқу-қызметінде Кімге не керек? Деген тақырыпты өткен болатынбыз. Балалар суретте кімдерді көріп тұрсындар? Ұл бала үстіне не киіп алған? Қыз бала үстіне не киіп алған? Өте жақсы өткен оқу қызметі естеріңде екен. Бүгінгі тақырыбымыз “Өзінің отбасы туралы әңгіме” Балалар мен сендерге суретте бейнеленген тату – тәтті отбасы жайлы әңгімелеп беремін. Мұқият тыңдаңыздар. Суретте үлкен отбасы бейнеленген, отбасы мүшелері: Ата, Әже, Әке, Анасы, Апасы, Інісі.</p> <p>Отбасы мүшелерінің барлығы кешкі ас ішіп отыр, бөлме өте кең, жарық, еденде әдемі, қазақтың ұлттық өрнегі бар текемет жатыр. Атасы мен Әжесі төрде, яғни жоғарыда отыр. Анасына көмектесіп апасы дастарханға жеміс – жидектер әкеліп қойып жатыр. Балалар біздер Әже, Ата Аналарымызға арнап тақпақтар жаттаған едік. Кім айтып береді.</p> <p>Билингвальды компонент: Ата-дедушка, Әже-бабушка, Әке-папа, Ана-мама,</p> <p>Сергіту сәті.</p> <p>Жел еседі бетімізге Тербеледі ағаштар Жел басылып бірте-бірте Биіктейді ағаштар</p> <p>Ойын: «Кім жоқ» Балалар қазір біз ойын ойнаймыз ойынымыз «Кім жоқ» деп аталады. Балалар суретте отбасы мүшелері бейнеленген, суретке мұқият қарап алың. Қарадықпа? Мен қазір отбасы мүшелерінің біреуін алып тастаймын, сендер отбасы мүшелерінің қай мүшесі жоқ екенін табасындар. Көздеріңді жұма қойың? Кәне кім жоқ? Кім айтады. —</p> <p>Қорытынды: -Балалар бүгін біз оқу -қызметінде не туралы әңгімеледік? Балаларды мадақтап оқу- қызметін қорытындылау.</p>	<p>Ұл бала мен Қыз бала.</p> <p>Жейде, шалбар, бәтеңке. Көйлек.</p> <p>Олжас;</p> <p>Әжем менің әліде Ұқсамайды кәріге Шай қайнатып береді Біздің үйде бәріне</p>
--	--	---

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.